

Кітапхананы пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігін сақтау

ИНСТРУКЦИЯСЫ

1. Техника қауіпсіздігін сақтаудың жалпы талабы.

- 1.1. Кітапхананы медициналық тексеруден өткен және техника қауіпсіздігі ережесімен танысқан 1-11 сынып оқушылары пайдаланады;
- 1.2. Оқушы кітаппен немесе компьютермен жұмыс жасап жатқан кезде бойын тік ұстап, қисаймай отыруы қажет;
- 1.3. Кітапханада өрт қауіпсіздігінің ережесін және өрт сөндіру құралының тұратын жерін білуі керек;
- 1.4. Қауіп төнген, қолайсыздық туған жағдайда зардап шегуші немесе қасындағы адам дереу кітапханашыға айтуы керек. Кітапханашы дер кезінде мектеп әкімшілігіне хабар береді.
- 1.5. Қайшыны, үшкір заттарды қолданбау, ашық тұрған терезеден қолын-басын шығармау, кітапханашының рұқсатынсыз қорға кірмеу талаптарын орындау.

2. Кітапханадағы техника қауіпсіздігі ережесі.

- 2.1. Кітапханаға кіре берісті стелаждармен, кітаптармен немесе басқа да материалдармен жауып тастамау;
- 2.2. Жарықтандыруды 40-60 Вт бір лампалы сөреаралық өтпелінің әрбір 2 метріне, 75 Вт лампы әрбір 4-5 метріне есептеп қойылуын қамтамасыз ету;
- 2.3. Стелаждардың арасы мемлекеттік стандартқа сай, сөрелердің арасындағы өтпенің ені-0,75м, қабырға мен сөренің арасы-0,75м, негізгі өтпенің арасы -1,2м болу;
- 2.4. Қорды сақтауға қолайлы және келушілерге де ыңғайлы кітапханада температурасы 17-19°C, ауаның ылғалдылығы 55% құрау қажет.
- 2.5. Кітапханада әр айда бір рет тазалық күнін ұйымдастыру керек
Бұл күні оқырмандарға қызмет көрсетілмейді.

Кітапхана меңгерушісі:

Г. Сейдуалиева

Кітапханашы:

Ж. Асанова